



***Әлеуметтану
ғылымы. Р.К.
Мертонның қосқан
үлестері***

«Әлеуметтану» ұғымы латын тілінің «Society» қоғам және гректің logos – ілім, ұғым деген сөзінен шығады. Социология, яғни әлеуметтану қоғамның пайда болуының, ондағы әлеуметтік байланыс, қатынастардың, алуан түрлі әлеуметтік адам бірліктерінің, ұйым, мекемелерінің, институттардың, құбылыстардың, процестердің дамуының жалпы заңдылықтарын зерттейтін ғылым. Әлеуметтану ұғымын ХІХ ғасырдың ортасында атақты француз әлеуметтанушысы Огюст Конт енгізді.

Роберт Кинг Мертон 1910 жылы Филадельфияда, Ресей империясынан қоныс аударған қарапайым жұмысшы отбасында дүниеге келді. Роберт Мертонның ғылыми шығармашылығында құрылымдық-функциялық — ерекше орында. Ол әлеуметтанудағы функциялықтың




**Р.Мертон әлеуметтанудың
3 деңгейін құрастырды:**

- әлеуметтік қағиданың кең деңгейі**
- орташа ранг қағидасы және соңғысы**
- күнделікті зерттеулерден пайда болатын кіші жұмыс гипотезасы.**

Роберт Мертон «құрылымдық-
функциялық талдау мен
эмпириялық әлеуметтік зерттеуді
біріктіру маңызды» деп санады,
сондықтан «үлкен» теорияға ол
«орта деңгей ілімдерін» балама
ретінде қарсы қойды; «орта деңгей
ілімдері» статистикалық-
эмпириялық жұмыс гипотезалары
мен бәрін қамтушы жалпы теория
арасында орын алды.

Орта деңгей ілімдерінің негіздеуші түсініктері:

- «референтті топтар»,
- «айқын және латентті функциялар»,
- «аномия»,
«бюрократия»,
- «әлеуметтік дисфункция»



**«Әлеуметтік
теория және
әлеуметтік
құрылым»
(1949)**

ТОЛКОТТ ПАРСОНС (1902-1979)



Роберт Мертон саналы субъективті мақсаттары мен объективті нәтижелері сәйкес келетін функцияларды ажыратып, оларды «нақты функциялар» деп атады, ал латентті функциялар — объективті зардаптары субъективті диспозициялардан ерекшеленетін, яғни салдары жоспарланбайтын функциялар болып табылады. Мысалы, қарама-қайшылықтарға тән латентті функциялар топ бірлігін, тұтастығын нығайтуға ықпал етуі арқылы ерекшелінеді. Дінді талдайтын болсақ, оған — нақты функциялар да, латентті функциялар да тән.

- Бір әлеуметтік құбылыс әртүрлі әлеуметтік функцияларға ие бола алатындай, бір әлеуметтік функция әртүрлі құбылыстар арқылы жүзеге асады;
- Үш негізгі ережені атап көрсетті:
 - а) функциялық біртұтастық ережесін;
 - ә) әмбебап функциялық ережесін (функциялық — барлық әлеуметтік құбылыстардың қасиеті);
 - б) функциялық — қажеттіліктің ережесі.

Роберт Мертон
әлеуметтануға
«эуфункция» және
«дисфункция» ұғымдарын
енгізеді. Оның тойынша,
«эуфункция» жүйенің
сақталуын, оның сыртқы
ортаға бейімделуіне
қолайлы жағдай туғызуға
тырысады. Ал
дисфункция, керісінше,
жүйе тепе-теңдігінің
жоғалуына алып келеді,
яғни жүйе элементтерінің
арасындағы



Латентті функция әрекет етушінің мақсатынан тыс өздігінен пайда болған салдар болып табылады және әрекет етуші оның неден туындағанын да білмейді. Сонымен қатар салдар кейбір қоғам үшін функциялық және дисфункциялық бола алады.

Осылайша, қылмыстық репрессияның нақты функциялары әділеттілік сезімін қанағаттандыру, түзету, жою болып табылуы мүмкін. Латентті функция — бұл кездейсоқтық функциясы.



Мертонның ойынша, «аномия — қоғамның құқықтық-нормативті жүйесінің әртүрлі элементтері арасындағы мәдени мойындалған, жалпы мақсаттар арасындағы және оларға жетудің заңды құралдары арасындағы келіспеушілік пен қарама-қайшылық нәтижесі».